Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЯДРОЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»**
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения
**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЯДЕРНЫЙ ЦЕНТР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**
**Министерства энергетики Республики Казахстан**

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

26. 05. 2022 г. № 104

Курчатов қаласы город Курчатов

**Об антикоррупционной комплаенс-службе**
**РГП НЯЦ РК**

В соответствии с пунктом 3 ст.16 Закона Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года № 410-V «О противодействии коррупции» **ПРИКАЗЫВАЮ**:

1. Наложить соответствующие функции антикоррупционной комплаенс-службы на управление юридической и кадровой работы (Иманмадиев Е.М.), административно-хозяйственное управление (Кажиев К.Е.) и финансовое управление РГП НЯЦ РК (Нигрей С.А.) без увеличения штатной численности.
2. Руководителем антикоррупционной комплаенс-службы назначить начальника управления юридической и кадровой работы РГП НЯЦ РК Иманмадиева Е.М.
3. Руководителям вышеперечисленных структурных подразделений внести соответствующие изменения, касающиеся добавления функциональных обязанностей, прав и ответственности работников антикоррупционных комплаенс-служб в должностные инструкции и положения об управлениях.
4. Утвердить положение об антикоррупционной комплаенс-службе РГП НЯЦ РК, согласно приложению к настоящему приказу.
5. Настоящий приказ довести до сведения всех работников РГП НЯЦ РК.
6. Разместить настоящий приказ на официальном интернет-ресурсе РГП НЯЦ РК.
7. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой.

**Генеральный директор** **Э.Г. Батырбеков**

Виза:
Березин С.А.
Локштанов С.С.
Скосарев В.А.
Иманмадиев Е.М

Рассылка:
Канцелярия
Руководители подразделений РГП НЯЦ РК
Филиалы РГП НЯЦ РК
Отделение в г.Нур-Султан

Ознакомить:
Иманмадиева Е.М.
Нигрей С.А.
Кажиева К.Е.

**Н 01536**

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ ЯДРОЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Республиканское государственное предприятие
на праве хозяйственного ведения
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЯДЕРНЫЙ ЦЕНТР
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»
Министерства энергетики
Республики Казахстан

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

26.05.2022 ж. № 104

Курчатов қаласы город Курчатов

**ҚР ҰЯО РМК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тиісті функциялары ҚР ҰЯО РМК заң және кадр жұмысы басқармасына (Иманмадиев Е.М.), әкімшілік-шаруашылық басқармасына (Қажиев Қ.Е.) және қаржы басқармасына (Нигрей С.А.) штат санын ұлғайтпай-ақ жүктелсін.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы болып ҚР ҰЯО РМК заң және кадр жұмысы басқармасының бастығы Е. М. Иманмәдиев тағайындалсын.
3. Жоғарыда аталған құрылымдық бөлімшелердің басшылары лауазымдық нұсқаулықтарға және басқармалар туралы ережелерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтері жұмыскерлерінің функционалдық міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін қосуға қатысты тиісті өзгерістер енгізсін.
4. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес ҚР ҰЯО РМК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже бекітілсін.
5. Осы бұйрық ҚР ҰЯО РМК-ның барлық жұмыскерлерінің назарына жеткізілсін.
6. Осы бұйрық ҚР ҰЯО РМК-ның ресми интернет-ресурсында орналастырылсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Бас директор** **Э.Ғ. Батырбеков**

Бұрыштама:
Березин С.А.
Локштанов С.С.
Скосарев В.А.
Иманмәдиев Е.М.

Тарату:
Кеңсе
ҚР ҰЯО РМК бөлімшелерінің басшылары
ҚР ҰЯО РМК филиалдары
Нұр-Сұлтан қ. бөлімше

Таныстырылсын:
Иманмәдиев Е.М.
Нигрей С.А.
Қажиев Қ.Е.

**Н 01535**

«26» 05 2022 ж. №104 бұйрыққа
қосымша

**Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже**

Осы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 09.12.2021 жылғы бұйрығымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы бірыңғай үлгілік ережеге сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – ҚР ҰЯО РМК) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің статусын, өкілеттіктерін және жұмысын ұйымдастыруды айқындайды.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектісі бөлімшелерінің біріне жүктелетін тиісті ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) мүдделер қақтығысы – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

4) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

5) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

2. ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функциялары ҚР ҰЯО РМК заң және кадр жұмысы басқармасына, әкімшілік-

шаруашылық басқармасына және қаржы басқармасына штат санын ұлғайтпай-ақ жүктеледі.

3. ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жұмыскерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі ҚР ҰЯО РМК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы осы Ереже негізінде әзірленетін тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен және басқармалар туралы ережелермен айқындалады.

## 2-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің статусы

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет ҚР ҰЯО РМК бөлімшесі болып табылады, басқа құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз, ҚР ҰЯО РМК бас директорына бағынып, есеп береді.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет ҚР ҰЯО РМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шараларды қабылдау мен іске асыруда тәуелсіз.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмыскерлеріне ҚР ҰЯО РМК ішкі нормативтік құжаттамасының ережелері қолданылады.

7. ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы ҚР ҰЯО РМК бас директорының бұйрығымен тағайындалып, босатылады.

8. ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жұмысын бағалауды ұсынылған есептер мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар туралы ақпарат негізінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің құрылымдық бөлімшесі жүргізеді.

## 3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаттары, тапсырмалары, қағидаттары, функциялары, құқықтары мен міндеттері

9. ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің негізгі мақсаты ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

10. ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің тапсырмалары:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

4) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

11. ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне басшылықтың мүдделілігі;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысының ақпараттық ашықтығы;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

12. ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функциялары:

1) ҚР ҰЯО РМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі саясатын әзірлейді;

2) ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты (стандартты) әзірлейді;

3) ҚР ҰЯО РМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

4) корпоративтік этикалық құндылықтарды насихаттайды;

5) ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік этика кодексін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

6) ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастырады;

7) ҚР ҰЯО РМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі бағдарламасын әзірлейді және құрылымдық бөлімшелер мен жұмыскерлердің оны орындауына мониторинг жүргізеді;

8) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес ҚР ҰЯО РМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмысын үйлестіреді;

9) ҚР ҰЯО РМК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруды жүзеге асырады;

10) мүдделер қақтығысын (оның ішінде жұмысқа орналастыру мәселелерінде) анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

11) ҚР ҰЯО РМК-да сыйлықтар мен өкілдік шығындар мәселелерін реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

12) қаржылық мәмілелер кезінде контрагенттерді тексеруді жүзеге асырады;

13) ҚР ҰЯО РМК-дағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;

14) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлерінің Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы бойынша мониторинг жүргізеді;

15) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, ҚР ҰЯО РМК-дағы сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг және талдау жүргізеді;

16) ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігін бағалайды;

17) ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі тиісті ақпаратын тыңдайды;

18) ҚР ҰЯО РМК бас директорына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, ҚР ҰЯО РМК қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

19) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар бойынша есептер мен ақпаратты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне жолдайды;

20) жыл сайын ҚР ҰЯО РМК бас директорына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің басшылығына атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

13. ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құқықтары:

1) ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелерінен ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді ҚР ҰЯО РМК бас директорының қарауына шығаруға бастама жасау;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзу туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастама жасау;

4) ҚР ҰЯО РМК басшыларынан және басқа жұмыскерлерінен қызметтік тергеп-тексеру шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап ету;

5) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және оларды Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қарауына ұсыну;

6) Өз құзыреті шегінде ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу;

7) ҚР ҰЯО РМК-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыста консультациялық көмек көрсету;

8) ҚР ҰЯО РМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылғандығы немесе ықтимал бұзылу мүмкіндігі туралы хабарламалар келіп түсетін ақпараттандыру арналарын құру немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізу.

14. ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттері:

1) ҚР ҰЯО РМК және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтайды;

2) сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен

рәсімдердің болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуы немесе ықтимал бұзылу мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы бас директорды уақтылы хабардар етеді;

4) ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлерінің іс-әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда материалдарды тиісті дәлелдемелермен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне береді;

5) ҚР ҰЯО РМК-ның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіптік әдеп талаптарын сақтайды.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

## 4-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің есептілігі

16. ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-шы күнінен кешіктірмей, қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша есептер мен ақпаратты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне жолдайды.

17. ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жыл сайын жылдық есепті 15 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне ұсынады, сондай-ақ ҚР ҰЯО РМК бас директорына атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

18. ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі тұрақты негізде өзінің контрагенттерін, іскерлік серіктестерін және басқа да азаматтар мен заңды тұлғаларды ҚР ҰЯО РМК-ның ресми интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өткізілетін іс-шаралар туралы хабардар етеді.

Приложение к приказу
от «26» 05 2022 года №104

# Положение об антикоррупционной комплаенс-службе Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Национальный ядерный центр Республики Казахстан» Министерства энергетики Республики Казахстан

Настоящее положение об антикоррупционной комплаенс-службе Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Национальный ядерный центр Республики Казахстан» Министерства энергетики Республики Казахстан (далее-Положение) разработано в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, единым типовым положением об антикоррупционных комплаенс-службах в субъектах квазигосударственного сектора, утверждённого приказом Министерства энергетики Республики Казахстан от 09.12.2021 года №384, и определяет статус, полномочия и организацию работы антикоррупционной службы Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Национальный ядерный центр Республики Казахстан» Министерства энергетики Республики Казахстан (далее-РГП НЯЦ РК).

## Глава 1. Общие положения

1. В настоящем Положении используются следующие основные понятия:

1) антикоррупционный комплаенс - функция по обеспечению соблюдения соответствующей организацией и ее работниками законодательства Республики Казахстан в сфере противодействия коррупции, возлагаемая на одно из подразделений субъекта квазигосударственного сектора;

2) конфликт интересов - противоречие между личными интересами лиц, приравненных к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, и их должностными полномочиями, при котором личные интересы указанных лиц могут привести к неисполнению и (или) ненадлежащему исполнению ими своих должностных обязанностей;

3) коррупционное правонарушение - имеющее признаки коррупции противоправное виновное деяние (действие или бездействие), за которое законом установлена административная или уголовная ответственность;

4) коррупционный риск - возможность возникновения причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений;

5) предупреждение коррупции - деятельность субъектов противодействия коррупции по изучению, выявлению, ограничению и устранению причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений, путем разработки и внедрения системы превентивных мер.

2. Функции антикоррупционной комплаенс-службы РГП НЯЦ РК налагаются на управление юридической и кадровой работы, административно-хозяйственное управление и финансовое управление РГП НЯЦ РК без увеличения штатной численности.

3. Функциональные обязанности, права и ответственность работников антикоррупционной комплаенс-службы РГП НЯЦ РК определяются

соответствующими должностными инструкциями и Положениями об управлениях, которые разрабатываются на основании настоящего Положения об антикоррупционной комплаенс-службе в РГП НЯЦ РК.

## Глава 2. Статус антикоррупционной комплаенс-службы

4. Антикоррупционная комплаенс-служба является подразделением РГП НЯЦ РК, независима от других структурных подразделений, подчинена и подотчетна Генеральному директору РГП НЯЦ РК.

5. Антикоррупционная комплаенс-служба независима в принятии и реализации мер по противодействию коррупции в РГП НЯЦ РК.

6. На работников антикоррупционной комплаенс-службы распространяются положения внутренней нормативной документации РГП НЯЦ РК.

7. Руководитель антикоррупционной комплаенс-службы РГП НЯЦ РК назначается и освобождается приказом Генерального директора РГП НЯЦ РК.

8. Оценка деятельности антикоррупционной комплаенс-службы РГП НЯЦ РК проводится структурным подразделением Министерства энергетики Республики Казахстан на основании представленных отчетов и информации по принятым антикоррупционным мерам.

## Глава 3. Цели, задачи, принципы, функции, права и обязанности антикоррупционной комплаенс-службы

9. Основной целью деятельности антикоррупционной комплаенс-службы РГП НЯЦ РК является обеспечение соблюдения работниками РГП НЯЦ РК законодательства Республики Казахстан о противодействии коррупции, а также мониторинг за реализацией мероприятий по противодействию коррупции.

10. Задачи антикоррупционной комплаенс-службы РГП НЯЦ РК:

1) обеспечение соблюдения внешних регуляторных требований и наилучшей международной практики по вопросам противодействия коррупции;

2) обеспечение соблюдения основных принципов противодействия коррупции в соответствии с Законом;

3) выявление, оценка и переоценка коррупционных рисков;

4) эффективная реализация системы мер по противодействию коррупции в соответствии с Законом.

11. Антикоррупционная комплаенс-служба РГП НЯЦ РК руководствуются следующими принципами:

1) заинтересованность руководства в эффективности антикоррупционного комплаенса;

2) достаточность полномочий и ресурсов, необходимых для выполнения задач антикоррупционной комплаенс-службы;

3) независимость антикоррупционной комплаенс-службы;

4) информационная открытость деятельности антикоррупционной комплаенс-службы;

5) непрерывность осуществления антикоррупционного комплаенса;

6) совершенствование антикоррупционного комплаенса.

12. Функции антикоррупционной комплаенс-службы РГП НЯЦ РК:

1) разрабатывает внутреннюю политику противодействия коррупции в РГП НЯЦ РК;

2) разрабатывает инструкцию (стандарт) по противодействию коррупции для работников РГП НЯЦ РК;

3) проводит разъяснительные мероприятия по вопросам противодействия коррупции и формированию антикоррупционной культуры в РГП НЯЦ РК;

4) продвигает корпоративные этические ценности;

5) обеспечивает контроль за соблюдением работниками РГП НЯЦ РК антикоррупционного законодательства, а также корпоративного кодекса этики;

6) организует обучение работников РГП НЯЦ РК по вопросам противодействия коррупции;

7) разрабатывает и проводит мониторинг исполнения структурными подразделениями внутренней программы противодействия коррупции в деятельности РГП НЯЦ РК и работников;

8) координирует работу по внутреннему анализу коррупционных рисков в деятельности РГП НЯЦ РК в соответствии с приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции от 19 октября 2016 года №12 «Об утверждении Типовых правил проведения внутреннего анализа коррупционных рисков»;

9) осуществляет управление коррупционными рисками в РГП НЯЦ РК;

10) принимает меры по выявлению, мониторингу и урегулированию конфликта интересов, в том числе в вопросах трудоустройства;

11) принимает меры по урегулированию вопросов подарков и представительских расходов в РГП НЯЦ РК;

12) осуществляет проверку контрагентов при финансовых сделках;

13) проводит служебные проверки на основе обращений (жалоб) о фактах коррупции в РГП НЯЦ РК и/или участвует в них;

14) проводит мониторинг на предмет соблюдения работниками РГП НЯЦ РК, относящимися к категории лиц, приравненных к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, антикоррупционных ограничений в соответствии с Законом;

15) проводит мониторинг и анализ изменений в антикоррупционном законодательстве, судебной практики по делам, связанным с коррупцией в РГП НЯЦ РК;

16) проводит оценку эффективности реализации антикоррупционных мер структурными подразделениями и работниками РГП НЯЦ РК;

17) заслушивает соответствующую информацию структурных подразделений и работников РГП НЯЦ РК по вопросам противодействия коррупции;

18) вносит Генеральному директору РГП НЯЦ РК рекомендации по устранению выявленных коррупционных рисков, повышению эффективности внутренних процессов организации деятельности РГП НЯЦ РК;

19) направляет отчеты и информацию по принятым антикоррупционным мерам в Министерство энергетики Республики Казахстан;

20) ежегодно отчитывается перед Генеральным директором, а также руководителем Министерства энергетики Республики Казахстан о проделанной работе.

13. Права антикоррупционной комплаенс-службы РГП НЯЦ РК:

1) запрашивать и получать от структурных подразделений РГП НЯЦ РК информацию и материалы, в том числе составляющие коммерческую и служебную тайну, в рамках утвержденных процедур, регламентированных внутренними документами организации;

2) инициировать вынесение вопросов, относящихся к ее компетенции, на рассмотрение Генерального директора РГП НЯЦ РК;

3) инициировать проведение служебных проверок по поступающим сообщениям о возможных коррупционных правонарушениях или нарушениях законодательства Республики Казахстан о противодействии коррупции;

4) требовать от руководителей и других работников РГП НЯЦ РК представление письменных объяснений в рамках служебных расследований;

5) разрабатывать предложения по совершенствованию антикоррупционного законодательства Республики Казахстан и представлять их на рассмотрение Министерства энергетики Республики Казахстан;

6) участвовать в разработке проектов внутренних нормативных документов в пределах своей компетенции;

7) оказывать консультационную помощь в работе по противодействию коррупции в РГП НЯЦ РК;

8) создавать каналы информирования, по которым могут поступать сообщения о наличии или потенциальной возможности нарушения антикоррупционного законодательства в РГП НЯЦ РК, либо вносить предложения по повышению эффективности мероприятий по противодействию коррупции.

14. Обязанности антикоррупционной комплаенс-службы РГП НЯЦ РК:

1) соблюдает конфиденциальность информации о РГП НЯЦ РК и его аффилированных лицах, инсайдерской информации, ставшей известной в период осуществления функций антикоррупционной комплаенс-службы, если в ней не содержатся данные о готовящемся коррупционном правонарушении;

2) обеспечивает конфиденциальность лиц, обратившихся по предполагаемым или фактическим фактам коррупции, нарушений корпоративного кодекса этики и иных внутренних политик и процедур по вопросам антикоррупционного комплаенса;

3) своевременно информирует Генерального директора о любых ситуациях, связанных с наличием или потенциальной возможностью нарушения антикоррупционного законодательства;

4) в случаях выявления признаков уголовных или административных коррупционных правонарушений в действиях работников РГП НЯЦ РК передает материалы с соответствующими доказательствами в уполномоченный орган по противодействию коррупциии и Министерство энергетики Республики Казахстан;

5) не препятствует установленному режиму работы РГП НЯЦ РК;

6) соблюдает требования служебной и профессиональной этики.

15. Антикоррупционная комплаенс-служба обеспечивает своевременное и качественное выполнение возложенных на нее функций и задач.

## Глава 4. Отчетность антикоррупционной комплаенс-службы

16. Антикоррупционная комплаенс-служба РГП НЯЦ РК ежеквартально не позднее 10 числа месяца, следующего за отчетным периодом, направляет отчеты и информацию по принятым антикоррупционным мерам в Министерство энергетики Республики Казахстан.

17. Антикоррупционная комплаенс-служба РГП НЯЦ РК ежегодно представляет годовой отчет до 15 декабря в Министерство энергетики Республики Казахстан, а также отчитывается о проделанной работе Генеральному директору РГП НЯЦ РК.

18. Антикоррупционная комплаенс-служба РГП НЯЦ РК на постоянной основе информирует своих контрагентов, деловых партнеров, и других граждан и юридических лиц о проводимых мероприятиях по предупреждению коррупции путем размещения информации на официальном интернет-ресурсе РГП НЯЦ РК.